ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН ШЕШІМ

2025 жылғы 17 қараша №7119-25-00-2/12343 іс Астана қаласы

Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында төрағалық етуші судья А.Д.Смаилов, оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қойылған талап бойынша электрондық азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
Қазақстан Республикасы Президенті Іс басқармасының шаруашылық жүргізу құқығындағы «Мемлекеттік резиденциялар дирекциясы» республикалық мемлекеттік кәсіпорны

ЖАУАПКЕР:
«KASDINA» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:

1. мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы
2. тұрақсыздық айыбын өндіру туралы

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 267-4, 223-226 баптарын басшылыққа ала отырып, сот,

ШЕШТІ:

Талап қоюшы Қазақстан Республикасы Президенті Іс басқармасының шаруашылық жүргізу құқығындағы «Мемлекеттік резиденциялар дирекциясы» республикалық мемлекеттік кәсіпорнының талап қоюы – қанағаттандырылсын.

«KASDINA» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

«KASDINA» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінен Қазақстан Республикасы Президенті Іс басқармасының шаруашылық жүргізу құқығындағы «Мемлекеттік резиденциялар дирекциясы» республикалық мемлекеттік кәсіпорны пайдасына 39 200 (отыз тоғыз мың екі жүз) теңге тұрақсыздық айыбы және 1 176 (бір мың жүз жетпіс алты) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

«KASDINA» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінен мемлекет кірісіне 1 966 (бір мың тоғыз жүз алпыс алты) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы. Арыз, егер жауапкер талап қоюдың келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде хабарландырылмаған және шешімнің мазмұнына әсер ете алатын пікірді, сондай-ақ дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда беріледі.

Шешімге – осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілсе, осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы сот ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзімде Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Астана қаласы сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына апелляциялық шағым берілуі, прокурормен апелляциялық өтінішхат келтірілуі мүмкін.

Судья А. Смаилов

Құжатқа қол қойылған: Смаилов А. Д., 17.11.2025

Заңды күшіне енген күні: 23.12.2025, судья Смаилов А. Д., 23.01.2026

7119-25-3-1/12588